

## 2016 жылы халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

### *Күші жойған*

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 4 қарашадағы № 1595 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 қарашада № 6027 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 431 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 21.04.2016 № 431 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 5, 7-баптарына сәйкес Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылы халықтың нысаналы топтары болып мынадай санаттар:
  - 1) табысы аз адамдар;
  - 2) жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
    - 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма тоғыз жасқа дейінгі балалар;
    - 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көп балалы ата-аналар;
    - 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
    - 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
    - 7) мүгедектер;
    - 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
    - 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
    - 10) оралмандар;
    - 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;
    - 12) жұмыс беруші – заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші –жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;

13) қылмыстық–атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар;

14) терроризм актісінен жәбірленуші адамдар және оның жолын кесуге қатысқан адамдар;

15) алынып тасталды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 28.12.2015 № 1827 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

16) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген елу жастан асқан тұлғалар;

17) егер оларға лайықты жұмыс болмаған жағдайда жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар;

18) емдеу және оңалту курстарынан өткен есірткіге тәуелді адамдар анықталсын.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 28.12.2015 № 1827 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімінің орынбасары Е.В. Скарединаға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдың 01 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

*Рудный қаласының әкімі*

*Б. Ғаязов*